

# “Өзін-өзі тану”

## рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде балабақша қызметіне ата-аналардың қатысуы

# “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде балабақша қызметіне ата-аналардың қатысуы

Тәрбие отбасынан басталады. Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі. Тәрбие мектептерінің ешқайсысы отбасымен салыстыруға келмейді. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін ата-аналар тарапынан үлкен қолдау қажет. Баламен қарым-қатынаста болған әр минуты әкелік, аналық махаббатқа толы болуы қажет.



Ата-аналар жиналысы
Театрландыр ылған қойылымдар
Педагогика лық мейманхана
Бірлескен науқандар
Бірлескен шығармашы лық жұмысқа қатысу
Ата-аналардың жобалық жұмыстарға қатысуы

# Ата-аналармен екі жақты қарым-қатынастың тақырыптары

| Ата-ана жиналысы | Сауалнама | Педагогикалық мейманхана | Театрланған қойылымдар | Ата-аналардың жобаға қатысуы | Біріккен | Шығармашылықпен бірлескен вернисаж | Фотокөрмелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| "Өз балаңды қалай жақсы көресің" | "Сіздің күткеніңіз" | "Дөңгелек үстел" | "Вот так овощ" | "Табиғат-ортақ үйіміз" | Бұл әлем қандай керемет | "Жаса, менің Қазақстаным!" | "Балама жүрегімді ұсынамын" |
| "Сіздің отбасылық дәстүріңіз" | Тәжірибеңізбен бөліс | Пікір талас | Күлше қыз | "Менің отбасым" | Мейірімділік-сара жол | Менің үйім | Менің Отаным-Қазақстан |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

**Ата-аналардың "Өзін-өзі тану" пилоттық рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде балабақша қызметіне қатысуы:**

-ата-аналарға бағдарламаның мақсаты туралы ағарту жұмыстарын жүргізу;

-ата-аналар клубы "Жүрегімді балама ұсынамын";

-ата-аналармен дөңгелек үстел;







Әр ата-ана өз баласының сүйіспеншілік пен мейірімділік, ризашылық пен үйлесімділік жайлаған ортада тәрбиеленуін керектігін білуі қажет.

В.А Сухомлинский армандаған "Үлкен мен кіші арасындағы байланыс" сонда ғана туындайды.

- "Ынтымағы жарасқан отбасымыз"
- "Әкем, анам және мен"
- Спорттық сайыстар





# Театрланған қойылымдары

Театр қойылымдары арқылы балалардың шығармашылығы, рухани-адамгершілік қасиеттері артады. Мейірімділікке, сүйіспеншілікке, бір-біріне қамқорлық көрсетуге үйренеді. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерге баға беруге, өз ойларын айтуға қалыптастырады.







- ата-аналармен экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу;
- экологиялық тақырып аясындағы бағдарламаны жүзеге асыра білу жолдарын басқа іс-әрекетпен сабақтастыру;
- өсімдіктер мен жануарларды күте білу дағдыларын қалыптастыру арқылы мейірімділікке тәрбиелеу;
- эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу;
- қоршаған ортаны сүйе, табиғатты қорғай білуді жүйелі түрде жүзеге асыру;
- ата-аналардың балабақшада ұйымдастырылған экологиялық акцияларға балаларымен бірге қатысуы;




**Ата-аналармен бірлескен шығармашылық жұмыстар сүйіспеншілік пен сенім ахуалына, шабыт шығармашылығының дамуына ықпал етеді.**

**“Табиғат сыйы –тамаша!”**

**Көрмелер ұйымдастыру;**







# Ата-аналармен бірлесіп міндеттерді шешу:

- Балалардың отбасындағы рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі ұстанымын білу;
- балалардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналардың педагогикалық сауаттылығының деңгейін білу;
- "Өзін-өзі тану" бағдарламасы қызметінің белсенділігінің деңгейін анықтау;
- танымдық әрекетке оқуға, білуге, қызығушылығы, үлкенді тыңдай білетін, ереже бойынша әрекет ете алатын;
- жеке гигиена ережесін сақтайтын, тұрмыстағы қауіпсіздік ережесін қолдана білетін, жедел жәрдем, өрт қызметі,қауіпті аймақтарда құтқару аймақтарына телефон шалатын /тел: 101,102,103/, жаяу жүргіншілер ережелерін білетін;

- қарапайым математикалық ұғымдары қалыптасқан;
- тілі дамыған, сөздік шығармашылыққа қызығушылығы бар;
- музыкаға, көркем суретке қызығушылығы бар, жетілген болуы шарт;





**РАББ жүзеге асыру аймағында балабақша тәрбиеленушілерінің нәтижесі:**

- дені сау, өзіне қызмет көрсете білетін, салауатты өмір салтының қарапайым нормаларын білетін;
- жақсы мен жаман әрекеттерді айта алатын, тек ақиқатты айтатын, батыл болатын;
- экологиялық түсінігі бар, табиғатпен тілдесе алатын, қамқорлық көрсете білетін, қоршаған орта тазалығына мән беретін;
- үлкендермен және қатарларымен екіжақты қатынас дағдыларын білетін;

-мектеп жасына дейінгі бала танымдық әрекетке, оқуға, білуге қызығушылығы, үлкенді тыңдай білетін, ереже бойынша әрекет ете алатын;







"....Жалпы адамзаттық құндылықтарды балабақшаларда, мектептерде және жоғары оқу орындарында академиялық біліммен жүргізу қажет"

С.А.Назарбаева

- Назарларыңызға рахмет!

МКҚК №39 «Достық» балабақшасы

# «Балабақшада психологиялық жағымды жағдай жасаудың маңыздылығы мен тиімділігі»



Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай
Педагог-психолог: Г.Н Абилова

2021-2022 оқу жылы

# Балабақшада психологиялық жағымды жағдай жасаудың маңыздылығы мен тиімділігі бала үшін эмоциялық-дамытушы орта құру

- Балабақшада эмоциялық-дамытушы ортаны құру үшін педагог не істей алады?
- Эмоциялық-дамытушы ортаны құруда педагог балаға қандай қолдау көрсетуіне болады?
- Қандай жағдаяттарды ескеруі тиіс?



**Психологиялық жайлылық** - тұлға үшін ең қолайлы сыртқы және ішкі орта жағдайларының кешені. Балабақшада психологиялық жайлылық ең алдымен педагогтарға бағытталуы керек. Өйткені, топтағы психологиялық жайлылық педагог жұмысының сәттілігінің, оның кәсіби қызметінің, тәрбиелік іс-әрекеттің көрсеткіші болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымда психологиялық жағымды жағдай жасау тәжірибесі балалардың дамуына өте жақсы әсер етеді.





Баланың жан саулығы мен денсаулығын шыңдау – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласының өзекті мәселесінің бірі. Баланың дамуына кері әсер етуші факторлардың бірі **психологиялық жанға жайсыз жағдайда өмір сүру.** Бұл міне ересек адамдарға балалармен қарым-қатынаста психогигиена ережелерін ескеруді жүктейді.

Сондықтан жанға жағымды, оңтайлы қарым-қатынасты болдыру үшін кез келген тәрбиеші тұлғасында мына қасиеттер болу керек:

- Сырттан келген мәліметті сараптап, бағалай білу епттілігі;
- Дәл бағыттап, айқын, бейнелі сөйлей білу қабілеті;
- Баланың көзқарасына, қимыл әрекетіне, мәнеріне қарай оның ішкі сезімдерін түсіне білу;
- Психологиялық күйін меңгере білу, әр алуан психологиялық кедергілерді жеңе білу, әрқашан шат көңілді, әрі оптимист (өмірге сеніммен қарайтын) бола білу қасиеті;
- Бақылаушылық, зейінін басқаға аудара білу қабілеті;
- Өз мінез құлқын басқара білу;





**Балабақшада психологиялық жағымды жағдай жасауда ең бірінші ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТАҒА МӘН БЕРУ КЕРЕК**

Бірқатар зерттеулер педагогтің басты объектісі ретінде баланың өзі емес, оның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері емес, тіпті оның мінез-құлқы да емес, баланың өмір сүру жағдайы қарастырылуы тиіс екендігін дәйекті түрде әрі жан-жақты дәлелдеген

Бұл жағдайларға төмендегілер жатады:

↓

жағдайдың сыртқы факторлары

↓

жағдайдың ішкі факторлары

↓

жағдайдың эмоционалдық факторлары

# ЖАҒДАЙДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Эмоционалды білім беру ортасы балалардың табысты тұлғалық дамуы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етеді, олардың жағдайын реттейді, білім беру процесінің барлық қатысушыларын стресс пен оқуға деген негативті қатынастан қорғайды. Оқытудың эмоционалдық ортасын құруда негізгі фигура педагогтің кәсіби әрекеті болып табылады.





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДАҒЫ №137 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ МОДЕЛІ

ДАМЫТУШЫ ОРТА –ЗАТТАР МЕН ОЙЫНШЫҚТАРҒА ЕРКІН ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ЖӘНЕ НЕМЕН АЙНАЛЫСАТЫНЫН ӨЗ БЕТІНШЕ ТАҢДАУЫН, КҮНІ БОЙЫ ӨЗ ИДЕЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ МҮМКІНДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН, БАЛАЛАРДЫҢ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАУ ҮШІН ЖОСПАРЛАНҒАН ӘРТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАРЫ БАР ОРТА.

СОНДЫҚТАН БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ-ӘР БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ЕСКЕРІЛІП ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН , ОНДА БАРЛЫҚ БАЛАЛАР ЭМОЦИАНАЛДЫҚ, ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ СЕЗІНЕДІ, ӘЛЕУМЕТТЕНУГЕ ҚАТЫСАДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ БАСЫНА, ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЛАУЫНА ҚАРАМАСТАН ҚАТЫСАДЫ.

Дұрыс ұйымдастырылған оқыту ортасы әрбір балаға өзіне жақын іс-әрекетті табуға, өз күштері мен қабілетіне сенуге, педагогтер мен құрдастарымен өзара әрекеттесуді үйренуге, олардың әрекеттері мен сезімдерін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

- Балалардың еркін әрекеті оларға педагогтен дайын білімді алуға емес, ізденісті жүзеге асыруға, зерттеуге қосылуға көмектеседі, ал ол өз кезегінде қызығушылық, бастамашылдық, дербестік сияқты сапаларды, шығармашылық өзін-өзі іске асыру қабілетін дамытуға жағдай жасайды.
- Баланың денсаулығы, оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуі, қалыпты өсуі мен дамуы көбіне өзі өмір сүретін ортаға байланысты. Оқу жағдайлары жайлылықпен байланысты.








Топтағы психологиялық жайлылық
Арт терапиясы
Табиғи материалдарды (саз, құм,су, жармалар,бояулар) пайдалана отырып өнермен,шығармашылық пен жұмыстану
Ертегі терапиясы
Қуыршақ театры, ертегі қойылымдарын көрсету
Музыка терапиясы
Музыкалы, аспаптарда ойнау, дөңгелек би алаңын ұйымдастыру, релаксация әдісін қолдану

Құм терапиясын қолдана отырып балалар өздерін жайлы,қорғалған күйде сезініп, шығармашылық  белсенділік  танытатын орта қалыптастырады және сын тұрғысынан ойлай отырып,қиялы,зейіні сонымен қатар ұсақ саусақ маторикалары дами түседі.



Ертегілік қойылым барлық уақытта балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.Егер педагог ертегіні жоғары деңгейде ұйымдастыра білсе,кейбір мәселелерге қатысты жүргізілетін коррекциялық жұмыстарға көмегін тигізеді.

- Ертегі баланың жеке өміріндегі болып жатқан жағымсыз сәттерді ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді.
- Ертегі кейбір проблемаларды жағымды жаққа қарай шешуге деген сенімділікті қалыптастырады.



Әуен арқылы адам психикасына оң әсер етуді музыкалық терапия деп атайды.Балаға музыка арқылы жағымды психологиялық әсер етуде, әуенді түрлі сипатта қолдана білу керек

- Жігерлік тудыратын әуендер
- Тыныштандыратын әуендер

Әуеннің құдіреті баланың сезім мүшелеріне әсер етіп, жағымды көңіл күй сыйлайды.





САПАЛЫ МАҢЫЗДЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ-ПЕДАГОГТЫҢ ӘР БАЛАМЕН ЖЕКЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ,БАЛАНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПІКІРІНЕ ШЫНАЙЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚАРАУ, ТЫҢДАУ, ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ, БАЛАҒА ЖЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КӨРСЕТУ





Әрбір арайлап атқан таң сіздерге қуаныш гүлін сыйласын. Әрқашан жылы жүздеріңізбен айналадағы жандарға жылулық сыйлап жүріңіздер!

Назарларыңызға рахмет!!!